- левофлоксацинге, оның тобынын басқа да препараттарына, препараттың қосымша заттарына аса сезімталдық
- эпилепсия
- хинолондар тобының препараттарымен бұрын ем жүргізілген кезде сіңірлердің зақымдануы
- жүктілік және бала емізу кезеңі
- 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі
Басқа дәрілік заттардың ЛЕВОЯПС препаратына әсері
Құрамында темір, мырыш тұздары, магний немесе алюминий бар антацидтік препараттар, диданозин: құрамында темір, мырыш тұздары, магний немесе алюминий бар антацидтік препараттармен не диданозинмен (құрамында алюминий немесе магниймен буферлік заттар бар диданозиннің дәрілік түрлерімен) немесе құрамында мырыш бар поливитаминді препараттармен бір мезгілде қолданған кезде ЛЕВОЯПС препаратының әсері едәуір әлсіреді. Бұл препараттарды ЛЕВОЯПС таблеткаларын қабылдағанға дейін 2 сағат бұрын және қабылдағаннан кейін қабылдамау ұсынылады. Кальций тұздары левофлоксацин таблеткаларының сіңуіне өте аз әсер етеді.
Сукральфат: ЛЕВОЯПС препаратының әсері әлсіретеді, сондықтан ЛЕВОЯПС таблеткаларын қабылдағаннан кейін 2 сағаттан соң сукральфатты қабылдау қажет.
Теофиллин, фенбуфен немесе басқа да стероидты емес қабынуға қарсы препараттар: өзара әсері анықталған жоқ, бірақ құрысуға дайындық шегінің айтарлықтай жоғарылауы байқалуы мүмкін.
Пробенецид және циметидин: ЛЕВОЯПС препаратының әсер етуін күшейтуі мүмкін, сондықтан оларды бір мезгілде қолданған кезде, әсіресе буйрек функциясы бұзылған пациенттерде сақ болу керек.
ЛЕВОЯПС препаратының басқа дәрілік заттарға әсері
Циклоспорин: циклоспоринніңәсері күшеюі мүмкін.
К дәрменінің антагонистері: қанның үю көрсеткіштерінің төмендеуі және/немесе күрделі қан ету дамуы мүмкін, сондықтан қанның үю көрсеткіштерін бақылау қажет.
ЭКГ-де QT аралығының ұзаруын тудыратын дәрілік заттар: бір мезгілде қолданғанда IA және III класты аритмияға қарсы препараттардың, трициклік антидепрессанттардың, макролидтер тобының антибиотиктерінің, ауыр аритмияның дамуымен жүректің жиырылу функциясына психозға қарсы препараттардың әсері күшеюі мүмкін.
Өзара әрекеттесудің басқа да түрлері
Тағам: ЛЕВОЯПС препаратының әсеріне ықпал етпейді.

Арнайы ескертулер
ЛЕВОЯПС препаратын метициллин-резистентті алтын түстес стафилококктен туындаған инфекцияларды емдеу кезінде қолдану ұсынылмайды, себебі қоздырғыштың левофлоксаминің әсеріне төзімділігіне байланысты емдеудің тиімсіздігі ықтималдығы жоғары (қоздырғыштың препаратқа сезімталдығын анықтау ұсынылады).
ЛЕВОЯПС препаратын *жедел бактериялық синуситті және созылмалы бронхиттің асқынуын* емдеу кезінде осы аурулары дұрыс диагностикаланған жағдайда қолдануға болады.
Ішек таяқшасының левофлоксацинге төзімділігінің кең таралуына байланысты *несеп шығару жолдарының инфекцияларын* емдеуде сезімталдықты анықтау үшін зертханалық зерттеу жүргізген жөн.
Сібір ойық жарасының өкпедегі түрі: бұл ауру кезінде левофлоксацинді қолдану тәжірибесі жеткіліксіз. Егер бұрын құрамында хинолон немесе фторхинолон бар препараттарды қолданған кезде күрделі жағымсыз реакциялар байқалса, ЛЕВОЯПС препаратын қолданудан аулақ болу керек. Препарат емдеудің басқа нұсқалары болмаған жағдайда ғана тағайындалуы мүмкін.
Сіңірдің қабынуы және үзілуі: сирек жағдайларда сіңірдің қабынуы дамуы мүмкін. Көбінесе жиі ахиллов сіңірі зақымданады, сіңірдің қабынуы оның үзілуіне әкелуі мүмкін. Сіңірдің қабынуы мен үзілуі тек ахиллов сіңірімен шектелмейді, кейбір жағдайларда ол тіпті екіжақты болуы және емдеу басталғаннан кейін алғашқы 48 сағатта дамуы мүмкін. Сондай-ақ левофлоксациннің 1000 мг тәуліктік дозасын қабылдаған пациенттерде емдеуді тоқтатқаннан кейін бірнеше ай ішінде осы патологияның дамуы жағдайлары туралы хабарланған болатын. Буйрек аурулары кезінде, ағзаларды трансплантациялаудан кейін, кортикостероидты препараттармен бір мезгілде қабылдағанда, сіңірдің қабыну және үзілу қаупі 60 жастан асқан пациенттерде артады. Кортикостероидтарды бір мезгілде қолданудан аулақ болу керек.
Сіңірдің қабынуының алғашқы белгілері кезінде (мысалы, ауырсынын ісіну кезінде) ЛЕВОЯПС препаратын қолдануды дереу тоқтату және дереу дәрігерге қаралу қажет. Мұндай жағдайларда емдеуді тұзету және зақымдалған сіңірдің қозғалмауын қамтамасыз ету қажет. Егер сіңірдің қабыну белгілері пайда болса, кортикостероидтар қолданылмауы тиіс. Егде жастағы пациенттер үшін дәрігер буйрек жағдайын ескере отырып, препараттың қолайлы тәуліктік дозасын тандайды.
Клостридиум дифициледен туындаған ішектің қабыну ауруы: жиі сұйық нәжіс, әсіресе ұзақ байқалатын және/немесе қан аралас нәжіс, ЛЕВОЯПС препаратымен емдеу кезінде немесе одан кейін (емдеу аяқталғаннан кейін бірнеше апта ішінде), клостридиум дифициледен туындаған ішектің қабыну симптомы болуы мүмкін. Ауру өртүрлі ауырлық дәрежесінде болуы мүмкін, жеңілден өмірге қауіп төндіретін ауырға дейін. Егер сізде ЛЕВОЯПС препаратын қолдану кезінде немесе кейін жиі сұйық нәжіс пайда болса, препаратты қолдануды дереу тоқтату және дереу дәрігерге қаралу қажет. Бұл ауру кезінде ішектің перистальтикасын әлсірететін препараттарды қолдануға болмайды.
Құрысудың дамуына бейім пациенттер: осы тәуітқ препараттары құрысудың дамуына тұрткі болуы мүмкін, сондықтан ЛЕВОЯПС препаратын эпилепсия кезінде қолдануға болмайды. Құрысудың дамуына бейімділік болған кезде немесе құрысуға дайындық шегін төмендететін дәрілік заттарды (мысалы, теофиллин) бір мезгілде қолданған кезде ерекше сақтық қажет. Құрысу ұстамалары дамыған жағдайда ЛЕВОЯПС препаратымен емдеуді тоқтату және дәрігерге қаралу қажет.
Қан жасушаларының мерзімінен бұрын бұзылуы салдарынан қан ағдыры: хинолондар тобының бактерияға қарсы препараттарымен емдеу кезінде кейбір пациенттерде қан жасушаларының мерзімінен бұрын бұзылуына және қан ағдыруының дамуына бейімділік байқалды.
Буйрек функциясы бұзылған пациенттер: левофлоксацин организмнен негізінен буйрекпен шығарылатындықтан, буйрек ауруы бар пациенттер ЛЕВОЯПС препаратының дозасын тұзетуді қажет етеді.
Аллергиялық реакциялар: левофлоксацин ауыр және өмірге қауіп төндіретін аллергиялық реакцияларды (мысалы, терінің, тершасты шелмайының және шырышты қабықтардың айқын ісінуінің дамуымен шоққа дейінгі кеден аллергиялық реакциялар) тудыруы мүмкін, олар кейде препараттың бірінші дозасын енгізгеннен кейін де дамиды. Мұндай реакция дамыған жағдайда емдеуді дереу тоқтату және шұғыл көмек көрсету үшін емдеуші дәрігермен немесе жедел жәрдем дәрігерімен хабарласу қажет.
Терінің ауыр жағымсыз реакциялары: левофлоксацинді қолданған кезде бөртпенің түзілуімен терінің аллергиялық қабынуын, тердегі үлкен жалпақ күлдіреуіктердің дамуымен және ашық қызыл түсті ауқымды эрозияның дамуымен қоса, ауыр жағымсыз тері реакциялары, тердегі және шырыштағы бөртпемен жедел уытты-аллергиялық ауру және қандағы эозинофилдер санының ұлғаюымен және ішкі ағзалар тарапынан көріністермен дәрілік реакциялар байқалды. Бұл реакциялар өмірге қауіпті немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Егер жоғарыда аталған симптомдар пайда болса, ЛЕВОЯПС препаратын қабылдауды дереу тоқтату және дереу дәрігерге қаралу қажет. Егер бұрын левофлоксацине реакциялар байқалған болса, ЛЕВОЯПС препаратын қолдануға болмайды.
Қандағы глюкоза деңгейінің бұзылуы: глюкоза деңгейінің төмендеуін де және деңгейінің жоғарылауын да қоса, оның қандағы деңгейінің бұзылуы мүмкін. Бұл көбінесе қандағы глюкозаны төмендету үшін бір мезгілде пероральді препараттарды (мысалы, глибенкламид) немесе инсулин қабылдайтын қант диабеті бар пациенттерде байқалған. Гипогликемиялық кома жағдайлары туралы хабарланған, сондықтан диабет кезінде қандағы глюкоза деңгейін бақылау қажет.
Терінің күн сәулесіне реакциясының профилактикасы: левофлоксацин қолданғанда терінің күн сәулесіне реакциясы дамуы мүмкін. Олардың алдын алу үшін емдеу кезеңінде және ЛЕВОЯПС препаратын қабылдауды тоқтатқаннан кейін 48 сағат бойы қатты күн сәулесінің немесе жасанды УК сәулеленуінің (мысалы, УК шамы, солярий) әсеріне ұшырамау ұсынылады.
К дәрменінің антагонистерін бір мезгілде қабылдау (мысалы, варфарин): қан үюының нашарлауы және/немесе қан кету дамуы мүмкін, сондықтан варфаринмен бір мезгілде емделгенде қанның үю көрсеткіштерін зертханалық бақылау қажет.
Психоздық реакциялар: психоздық реакциялар дамуы мүмкін (көбінесе бұрын психоз немесе психиатриялық аурулар болған кезде). Өте сирек жағдайларда олар препараттың бірінші дозасын қабылдағаннан кейін де дамуы мүмкін. Мұндай реакциялар пациенттің өзіне қауіп төндіретін суицидтік ойлар мен мінез-құлық пайда болғанға дейін өршуі мүмкін. Мұндай реакциялар пайда болған жағдайда ЛЕВОЯПС препаратын қабылдауды тоқтату және дереу дәрігерге бару керек.
ЭКГ -дегі өзгерістер- QT аралығының ұзаруы: левофлоксацинді QT аралығы ұзаруының қауіп факторлары және осыған байланысты жүрек ырғағының бұзылулары болған кезде сақтықпен қолдану қажет:
- QT аралығы ұзаруының туа біткен синдромы
- QT аралығы ұзарын тудыратын дәрілік препараттарды бір мезгілде қолдану (мысалы, IA және III класты аритмияға қарсы препараттар, трициклді антидепрессанттар, макролидтер тобының антибиотиктері, психозға қарсы препараттар)
- қанның тұз құрамының бұзылуы (мысалы, калий немесе магний деңгейінің төмендеуі)
- жүрек аурулары (мысалы, жүрек жеткіліксіздігі, миокард инфарктісі, сирек жүрек ырғағы).
- Егде жастағы пациенттер мен әйелдер жүрек ырғағының бұзылуын тудыратын препараттарға аса сезімтал.

Шеткері жүйке аурулары: күйдіру, шаншу, жыбырлату сезімімен сезімталдықтың өртүрлі бұзылуына, тітіркендіргіштерге тері сезімталдығының төмендеуіне немесе үйіп қалуға немесе әлсіздікке әкелетін шеткері жүйке аурулары дамуы мүмкін. Сезімталдықтың қайтымсыз бұзылуының алдын алу үшін, бұл жағдайларда жедел дәрігерге қаралу қажет.
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар: левофлоксацинді қолданған кезде негізінен күрделі негізгі ауру мысалы, сепсистің аясында бауыр некрозының өліммен аяқталатын бауыр жеткіліксіздігіне дейін дамуы байқалды. Тәбеттің толық болмауы, тері мен шырышты қабықтың сарғаюы, несептің күңгіртенуі, қышыну және іштің ауыруы сияқты бауыр ауруының белгілері пайда болған кезде емдеуді тоқтату және дәрігерге қаралу қажет.
Миастения гравистің өршуі: егер миастения гравис болса, өлім жағдайларын және өкпені қосымша жасанды желдету қажеттілігін қоса, күрделі жағымсыз реакциялардың дамуына дейін әкелетін бұлшықет әлсіздігінің күшеюі мүмкін, сондықтан миастения гравис кезінде ЛЕВОЯПС препаратын қолдану ұсынылмайды.
Көру қабілетінің бұзылуы: көрудің бұзылуы пайда болған кезде дереу офтальмологқа жүгіну қажет.
Сезімтал емес микроорганизмдердің көбейіп өсуі: препаратты ұзақ қолдану кезінде болуы мүмкін.
Қолқа аневризмасы және ыдырауы: левофлоксацинді қабылдаған кезде әсіресе егде жаста, сондай-ақ отбасылық анамнезде тамырлардың кеңеюінен туындаған аурулар болған кезде немесе егер бұрын қолқа аневризмасы және/немесе қолқаның ыдырауы және аневризманың дамуына және қолқаның ыдырауына бейім басқа да қауіп факторлары (мысалы, Марфан синдромы, Эперс-Данлос тамыр синдромы, Такаясу артерииті, түйінді периартериит, Бехчет ауруы, қан қысымының жоғарылауы, анықталған атеросклероз) диагностикаланғанда аневризманың дамуы және қолқаның ыдырау қаупі жоғары.
Іштің, кеуденің немесе арқаның кеңеттен ауыруы пайда болған жағдайда шұғыл көмек көрсету бөлімшесінің дәрігеріне дереу бару керек.
Дәрілік препаратқа ұзақ, қайтымсыз күрделі жағымсыз реакциялар: жасына және бұрын болған қауіп факторларына қарамастан, организмнің өртүрлі, кейде бірнеше жүйелеріне әсер ететін (тірек-қимыл аппараты, жүйке жүйесі, психикалық жай-күйі және сезімталдығы) ұзақ (бірнеше ай немесе жыл жалғасатын), өлімге әкелетін және әлеуетті қайтымсыз күрделі жағымсыз реакциялар жағдайлары өте сирек байқалған. Кез келген күрделі жағымсыз реакцияның алғашқы белгілері кезінде ЛЕВОЯПС препаратын қабылдауды дереу тоқтату және емдеуші дәрігерге қаралу керек.
Зертханалық зерттеу нәтижелеріне әсері: несепте апиындардың болуына талдау жалған оң нәтиже беруі мүмкін. Бұл нәтижелерді басқа, барынша спецификалық әдістермен растау қажет болуы мүмкін.
ЛЕВОЯПС препараты туберкулез қоздырғышының өсуін басуы және туберкулезге бактериологиялық сеппеніңжалған теріс нәтижесін беруі мүмкін.
Педиатрияда қолдану: ЛЕВОЯПС препаратын 18 жастан кіші балалар мен жасеспірімдерге қолдануға болмайды.
Жүктілік немесе лактация кезінде
Жүктілік: жүкті әйелдерде левофлоксацинді қолдану бойынша деректер жеткіліксіз. Клиникалық деректердің болмауына байланысты, сондай-ақ өсіп келе жатқан организмде салмақ жүктемесін көтеретін шеміршектердің левофлоксацинмен зақымдану қаупін ескере отырып, жүкті әйелдерде ЛЕВОЯПС препаратын қолдануға болмайды.
Бала емізу: емшек сүтімен левофлоксаминнің бөлінуі туралы деректер жеткіліксіз болғандықтан, ЛЕВОЯПС препаратын емшек емізетін әйелдерде қолдануға болмайды. Клиникалық деректердің болмауына байланысты, сондай-ақ өсіп келе жатқан организмде салмақ жүктемесін көтеретін шеміршектердің левофлоксаминмен зақымдану қаупін ескере отырып, бала емізу кезеңінде әйелдерде ЛЕВОЯПС препаратын қолдануға болмайды.
Фертильділік: бала туу функциясына әсер етпейді

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері
Кейбір жағымсыз әсерлер, мысалы, естен тану ағдыдағы жай-күй/бас айналу, ұйқышылдық, көрудің бұзылуы, зейін қою қабілеті мен реакциялар жылдамдығын төмендеуі мүмкін, бұл мұндай қабілеттер ең маңызды жағдайларда (мысалы, автомобильді және жұмыс механизмдерін басқару кезінде) қауіп төндіруі мүмкін.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар
Дозалау режимі
Таблеткаларды тәулігіне 1 немесе 2 рет ішке қабылдайды. Тәуліктік доза ауруға, оның ауырлығына, сондай-ақ болжамды қоздырғыштың сезімталдығына байланысты.
ЛЕВОЯПС препараты, 500 мг таблеткалар, сондай-ақ вена ішіне енгізуге арналған левофлоксацинмен бастапқы емдеуден кейін жақсару болғанда емдеу курсын жалғастыру үшін де қолданылуы мүмкін. Парентеральді және пероральді түрлерінің биобаламалылығын ескере отырып, сол бір дозаны тағайындауға болады.
Дозасы: буйрек функциясы қалыпты пациенттер үшін ЛЕВОЯПС препаратының келесі дозалары ұсынылады, таблеткалар 500 мг, тәуліктік доза аурудың ауырлығына байланысты болады.
Жедел бактериялық синусит: тәулігіне 1 рет 500 мг, емдеу ұзақтығы 10-14 күн.
Бронхитті қоса алғанда, өкпенің созылмалы обструкциялық ауруының асқынуы: күніне 1 рет 500 мг, емдеу ұзақтығы 7-10 күн.
Ауурханадан тыс пневмония: тәулігіне 1 немесе 2 рет 500 мг-ден, емдеу ұзақтығы 7-14 күн
Жедел пиелонефрит: тәулігіне 1 рет 500 мг, емдеу ұзақтығы 7 – 10 күн.
Несеп шығару жолдарының асқынған инфекциялары: тәулігіне 1 рет 500 мг, емдеу ұзақтығы 7-14 күн.
Асқынбаған цистит: тәулігіне 1 рет 250 мг, емдеу ұзақтығы 3 күн.
Созылмалы бактериялық простатит: тәулігіне 1 рет 500 мг, емдеу ұзақтығы 28 күн.
Тері мен жұмсақ тіндердің асқынған инфекциялары: тәулігіне 1 немесе 2 рет 500 мг-ден, емдеу ұзақтығы 7 - 14 күн.
Сібір ойық жарасының өкпедегі түрі: тәулігіне 1 рет 500 мг, емдеу ұзақтығы 8 апта.
Пациенттердіңерекше топтары
Буйрек функциясының жеңіл бұзылуы кезінде, егер тәуліктік доза 250 мг болса, бірінші күні 250 мг дозасын қабылдайды, келесі күндері тәулігіне 125 мг; егер тәуліктік доза 500 мг болса, бірінші күні 500 мг дозасын қабылдайды, келесі күндері тәулігіне 250 мг; егер доза әр 12 сағат сайын 500 мг құраса, бірінші доза 500 мг құрайды, содан кейін 250 мг/ әрбір 12 сағат сайын.
Буйрек функциясының орташа айқын бұзылуы кезінде, егер тәуліктік доза 250 мг болса, бірінші күні 250 мг дозасын, келесі күндері 125 мг-ден/48 сағат қабылдайды; егер тәуліктік доза 500 мг болса, бірінші күні 500 мг дозасын, кейінгі күндері тәулігіне 125 мг қабылдайды; егер доза әрбір 12 сағат сайын 500 мг құраса, бірінші доза 500 мг құрайды, содан кейін 125 мг-ден/ әрбір 12 сағат сайын.
Буйрек функциясы ауыр бұзылғанда, егер тәуліктік доза 250 мг болса, бірінші күні 250 мг дозаны қабылдайды, келесі күндері 125 мг-ден/48 сағат; егер тәуліктік доза 500 мг болса, бірінші күні 500 мг дозаны қабылдайды, келесі күндері тәулігіне 125 мг; егер доза әрбір 12 сағат сайын 500 мг болса, бірінші доза 500 мг құрайды, содан кейін тәулігіне 125 мг.
Бауыр функциясының бұзылуы: препарат дозасын тұзету қажет емес.
Еде жастағы пациенттер: егер буйрек ауруы бар болса ғана дозаға тұзету жүргізіледі.
Балалар: 18 жастан кіші балалар мен жасеспірімдерге қолданылмайды.

Енгізу әдісі мен жолы
Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткаларды шайнамай, сұйықтықтың жеткілікті мөлшерімен іше отырып тұтастай жұту керек. Азайтылған дозаны қабылдау қажет болса, таблетканы бөлу сызығы бойынша сындыруға болады. Препаратты тамақтану кезінде немесе тамақтану арасында қабылдауға болады. ЛЕВОЯПС таблеткаларын темір тұздары, мырыш, құрамында магний немесе алюминий бар антацидті препараттар, немесе диданозин (алюминий немесе магний қосындылары бар диданозиннің дәрілік түрлері) немесе сукральфат сияқты препараттарды қабылдағанға дейін кемінде 2 сағат бұрын немесе қабылдағаннан кейін 2 сағаттан соң қабылдаған жөн, себебі бұл препаратта ЛЕВОЯПС препаратының сіңуі мен әсерін әлсіретуі мүмкін.
Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар
Симптомдары: сананың шатасуы, бас айналуы, сананың бұзылуы, құрысу ұстамалары, елестеулер, бұлшықет жиырылуынан туындаған дене бөліктерінің еріксіз, жылдам, ырғақты тербелісі қозғалысы, ЭКГ-де QT аралығының ұзаруы, сондай-ақ АІЖ шырышты қабығындағы жүрек айнуы және эрозия сияқты асқазан-ішек жолы тарапынан реакциялар.
Ем: симптоматикалық, ЭКГ бақылау. Асқазанның шырышты қабығын қорғау үшін қышқылға қарсы әсер ететін (антацидтер) препараттарды қолдануға болады.
Дәрілік препараттың қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкерге кеңес алу үшін хабарласу ұсынылады

ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар
Жиі
- уйқышыздық
- бас ауыру, бас айналу
- сұйық нәжіс, құсу, жүрек айнуы
- бауыр ферменттері (АЛТ/АСТ, сілтілік фосфатаза, ГГТ) деңгейінің жоғарылауы.

Жиі емес
- зендік инфекция, ауру қоздырғыштарына төзімділік
- лейкоциттер деңгейінің төмендеуі, эозинофилдер деңгейінің жоғарылауы
- тәбеттің толық болмауы, мазасыздық, қатты қозу, сананың шатасу жағдайы, ауырсыну жай-күйі
- ұйқышылдық, тремор, ауызда тұрақты металл немесе қышқыл дәм түрінде дәм сезу бұзылыстары, сондай-ақ ашыту сезімі
- тепе-теңдіктің бұзылуы
- ентігу
- іштің ауыруы, іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну немесе жайсыздық, ішекте газдың көп жиналуы, іш қату
- қандағы билирубин, креатинин деңгейінің жоғарылауы
- бөртпе, қышыну, күйіктен болатын күдіреуіктерге ұқсайтын тез өршитін, қатты қышитын, терідегі боғырлт-қызғылт күдіреуіктер, қатты терлеу
- буындардың ауыруы, бұлшықеттердің ауыруы.

Сирек
- тромбоциттер санының артуы, нейтрофилдер санының азаюы
- терінің терең қабаттарының және теріасты тіндерінің тығыз, асимметриялық, ауыртпалықсыз ісінуі, аса жоғары сезімталдық
- антидиурездік гормон бөлінуінің бұзылуы
- қандағы қант деңгейінің төмендеуі, әсіресе диабеті бар пациенттерде
- психоздық реакциялар (мысалы, өлестеулермен, параноямен), депрессия, қозу, ерекше түс көру, түнгі қорқынышты түстер
- құрысулар, күйдіру, шаншу, жыбырлату сезімдерімен сезімталдық бұзылыстары
- анық көрмеу сияқты көрудің бұзылуы
- құлақтың шыңылдауы
- жүректің жиі соғуы, жүрек соғуының жиілеуін сезіну
- қан қысымының төмендеуі
- эозинофилдер деңгейінің жоғарылауымен және ішкі ағзалар жұмысының бұзылуымен дәрілік препаратқа аллергиялық реакция, тұрақты дәрілік бөртпе
- сіңір аурулары, оның ішінде қабыну (мысалы, ахиллов сіңірі), бұлшықет әлсіздігі, ол миастения грависпен ауыратын пациенттерде ерекше маңызды болуы мүмкін
- буйректің жедел жеткіліксіздігі (мысалы, буйректің қабынуы салдарынан)
- дененің жоғары температурасы.

Белгісіз
- қан жасушаларының барлық үш түрінің (эритроциттер, лейкоциттер және тромбоциттер) санының азаюы, лейкоциттер санының төмендеуі, қан жасушаларының мерзімінен бұрын бұзылуынан туындаған қан ағдыры
- өмірге қауіп төндіретін тез ауыр аллергиялық реакция (препараттың бірінші дозасын енгізгеннен кейін де дамуы мүмкін)
- қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауы, қандағы глюкоза деңгейінің тез айқын төмендеуінен туындаған өмірге қауіпті жағдай.
- суицидтік ойлар немесе суицидтік әрекеттерді қоса, пациенттің өзіне қауіп төндіретін мінез-құлықпен психоздық бұзылыстар
- шеткері жүйке аурулары, иіс сезуді жоғалтуды қоса, иіс сезудің бұзылуы, мәжбүрлі еріксіз қозғалу, қозғалыс бұзылулары, дәм сезудің жоғалуы, естен тану, бассүйек ішілік қысымының жоғарылауы
- уақытша көру қабілетінің жоғалуы, кездің тамырлы қабығының қабынуы
- есту қабілетінің жоғалуы, есту қабілетінің бұзылуы
- жүректің тоқтауына әкелуі мүмкін жүрек соғуының айқын жиілеуі
- жүрек ырғағының бұзылуы (негізінен ЭКГ-да QT аралығы ұзаруының қауіп факторлары бар пациенттерде байқалады), ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы
- бронх түйілуі, өкпенің аллергиялық қабынуы
- қан аралас жиі сұйық нәжіс өте сирек жағдайларда клостридиум дифициледен туындаған ішектің жедел қабыну ауруын қоса, жіңішке және жуан ішектің қабынуын, ұйқы безінің қабынуын білдіре алады
- әсіресе ауыр негізгі ауру болған кезде өліммен аяқталатын жедел бауыр жеткіліксіздігі жағдайларын қоса, сарғаю және бауырдың ауыр зақымдануы, бауырдың қабынуы
- уытты эпидермальді некролиз, терідегі және шырышты қабықтағы бөртпелері бар жедел уытты-аллергиялық ауру, нысана төрізді бөртпелердің пайда болуымен терінің қабыну реакциясы, терінің күн сәулесіне реакциясы, тері тамырларының зақымдануы (тері реакциялары препараттың бірінші дозасын енгізгеннен кейін де пайда болуы мүмкін), ауыз қуысының шырышты қабығының қабынуы
- креатинкиназа және миоглобин деңгейінің күрт жоғарылауымен, несепте миоглобиннің пайда болуымен, жедел буйрек жеткіліксіздігінің дамуымен бұлшықет тіндері жасушаларының бұзылуы, байламдардың, бұлшықеттердің сіңірлерінің үзілуі (мысалы, ахиллов сіңірі),
- буындардың қабынуы, ауыру (арқаның, кеуденің және аяқ-қолдың ауыруын қоса).

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей жүгіну қажет
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ұлттық сараптау орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
Бір таблетканың құрамында
белсенді зат - 512,46 мг левофлоксацин гемигидраты (500,0 мг левофлоксацинге баламалы),
қосымша заттар:
Микрокристалды целлюлоза; Гидроксипропилцеллюлоза; Кросповидон; Магний стеараты,
қабығы:
Опадрай қызғылт сары OY-S-33016, Гипромеллоза 2910 3 мПас (E464), Гипромеллоза 2910 6 мПас (E464), Титанның қостотығы (E171), Макрогол/полиэтиленгликоль 4000 (E1521), FD&C сары #6 күн батар түстес сары алюминий лагы (E110), Темірдің қызыл тотығы (E172), FD&C көгілдір #2 индиго кармин алюминий лагы (E132),
Темірдің сары тотығы (E172).
Сыртқы түрінің иісінің, дәмінің сипаттамасы
Сопақша, бір жағында сызығы бар қызғылт сары түсті екі беті дөңес, өлшемі 19.3 мм ± 0.1 мм, 7.8 мм ± 0.1 мм және қалыңдығы 5 мм ± 0.2 мм таблеткалар.

Шығарылу түрі және қаптамасы
Поливинилхлорид, полиэтилен, поливинилдихлорид үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамага 10 таблеткадан салынған.
1 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшага салынған.

Сақтау мерзімі
Сақтау мерзімі 5 жыл.
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары
Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде 25 °С-ден аспайтын температурада, түпнұсқалық қаптамада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәлімет
PHARMATHEN S.A. Дервинакион 6, Паллини 15351, Аттика, Греция
Тел. :+30 210 66 04 300
Электронды поштасы: aprigkipaki@pharmathen.com

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
BELINDA LABORATORIES LLP,
Блок 18, Норман Роуд 53, Гринвич Орталығы Бизнес Паркі, Лондон, SE10 9QF, Ұлыбритания.
тел: +44-203-598-2050,эл. пошта: info@belinda.uk.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)
"Cepheus Medical" ЖШС (Цефей Медикал): 050045, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 7 үй, «Нұрлы Тау» ТК, 5А блок, 247 кеңсе,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы),
электронды пошта: drugsafety@evolet.co.uk

Belinda